

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу туралы

Балаларды қорғау күні – өскелең ұрпақты аялаудың символы, олардың құқығы мен мүддесі қорғап, аман-саулығын қамтамасыз ету ісінің маңызын айшықтайтын айрықша мереке.

Келешек ұрпаққа қолайлы жағдай жасау жөніндегі мемлекет саясатының жалғасы ретінде биылда мерекеге ерекше көңіл бөлінеді.

Іс-шараларды өткізу барысында ойын-сауыққа ғана емес, олардың әлеуметтік тұрғыдан мазмұнды болуына назар аудару керек.

Осыған байланысты Халықаралық балаларды қорғау күнін өткізу алгоритмің **«Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасы** аясында жасақтауды ұсынамыз.

2025 жылғы 22 мамыр – 1 маусым аралығында отбасы, қауіпсіздік, денсаулық, білім беру, бала құқықтарын қорғау сияқты маңызды мәселелерге арналған арнайы тақырыптық күндер ұйымдастырылу ұсынылады. *(қосымша іс-шаралар жоспары тіркеледі)*

22 мамыр – «Әкем – тірегім, анам – жүрегім!». Бұл күн отбасылық қатынастарды нығайтуға, саналы әрі жауапты ата-ана болуды дәріптеуге арналған. Ата-аналар мен балалардың бірлесе қатысуын көздейтін білім беру, спорттық, қайырымдылық іс-шараларын *(жарыс, турнир, дәріс, интерактивті сабақ, психологпен кездесу, сурет сайысы және т.б.)* өткізуді ұсынады.

Сондай-ақ, кәсіби бағдар беру кездесулерін, кино көрсетілімдерін, шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуін, кітап жәрмеңкелерін, костюмді элементтері бар балалар шығармашылығының көрмелерін, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру қажет.

Балалар бойына табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау сезімін сіңіру мақсатында саябақтар мен аулаларда бірлесе отырып ағаш пен гүл егу ұсынылады.

23 мамыр – «Полиция – балалардың қорғаны». Бұл күн балаларды құқықтық мәселелер жөнінде ақпараттандыру, балалар қауіпсіздігін

қамтамасыз ету, қоғамдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін түсіндіру ісіне арналған.

«Қауіпсіз маршрут», «Қауіпсіз аула» акциялары балалар үшін қолайлы нысанда, үй мен мектептің ойын және спорт алаңдарында, үй маңындағы аумақтарда, аула клубтарында, кітапханаларда учаскелік полиция инспекторларын, еріктілерді, ата-аналарды тарта отырып жүргізілуге тиіс.

Футбол, күрес, шахматтан мектепаралық турнир өткізу, кинологтардың қойылымдарын жасау, сондай-ақ, ішкі істер органдары ардагерлерін тарта отырып кәсіптік бағдарлау шарасын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұған ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды да қатыстыру керек.

26 мамыр – «Дәрігер – балалардың жанашыры». Медицина орталықтарында, емханаларда, стоматологияларда дәрігерлердің көшпелі тексеруі мен тегін кеңес беруін, денсаулық сертификаттарын тапсыру арқылы «Өз денсаулығыңды тексер» медициналық акциясын, саламатты өмір салты қағидаттарын дәріптеп, аурудың алдын алу бойынша білім беру шараларын, балалар мен ата-аналарға арналған шеберлік сабақтарын өткізген жөн. Сондай-ақ жаппай таңертеңгілік жаттығулар ұйымдастырылуы керек.

27 мамыр – «Балалар үні». Бұл күні Орталық коммуникациялар қызметінің базасында мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйым өкілдерінің, сарапшылардың қатысуымен «Балалардың амандығы – мемлекеттің маңызды міндеті» деп аталатын дөңгелек үстел өтеді.

Балаларының қатысуымен диалогтық кәсіптік бағдарлау алаңдарын, «Менің болашағым» Республикалық телекөпірін, балалардың бейнеөтініші сериясынан тұратын #Менің дауысым челленджін – өткізу жоспарланған.

Сондай-ақ барлық кітапханада ашық есік күндері, кітап көрмелері, костюмдермен әрленген әдеби мерекелік қойылымдар мен фестивальдар, балалар көркем әдебиеті туындылары сатылатын жәрмеңкелер өтеді.

28 мамыр – «Кибер Тұмар». Бұл күн цифрлық технологияларды насихаттауға, оларды өмірдің әртүрлі саласына кіріктіруге, балаларды цифрлық ортада қорғау мәселесіне арналған.

Барлық мекемелерде балаларға арналған «Ата-ана бақылауы: құралдар мен кеңестер» ағартушылық акцияларын, «Цифрлық мамандықтар қаласы» эстафеталарын, цифрлық сауаттылықты арттыру, балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша технопарктерде, IT-хабтарда және қоғамдық кеңістіктерде интерактивті іс-шараларды цифрлық

көшбасшыларды қатыстыра отырып, тақырыптық сессияларды ұйымдастыру қажет.

29 мамыр – «Балалардың қауіпсіздігі – басты назарда». Бұл күнгі іс-шаралар балалар мен ата-аналар бойында әртүрлі жағдай кезінде қауіпсіз әрекет ете алу машығын қалыптастыру үшін оларды үйде, мектепте, көшеде, демалыста, онлайн-кеңістікте қауіпсіздікті қалай қамтамасыз ету қажеттігі жөнінде хабардар етуге бағытталады.

Барлық жерде шеберлік сыныптары (*алғашқы медициналық көмек, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл және т.б.*), оқу-жаттығу сабақтары, «Шекарасыз қауіпсіздік» спорттық ойын-сауық эстафеталары, «Жас құтқарушы» іс-шарасы, мұражайларға, өрт сөндіру бөлімдеріне, өрт-техникалық орталықтар мен құтқару станцияларына экскурсиялар өткізілетін болады.


Сондай-ақ балалардың көппәтерлі үйлердің терезесінен құлауын, өзендерде, су айдындарында, су қоймаларында жазатайым оқиғаларды, от жағу, өрт болдырмау мәселелері бойынша ересектер мен балаларды хабардар ету мақсатында учаскелік полиция инспекторларымен үй аралау және жеке кездесулер өткізу тәжірибесін жалғастыру қажет.

Осыған байланысты, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы барлық санаттағы балаларды, оқушыларды мерекелік бағдарламамен қамтуды, барлық мекемелерде іс-шаралар кешенін өткізуді қамтамасыз ету қажеттілігі туралы хабарлайды.

Атқарылған іс-шаралар туралы ақпаратты күнделікті сағат 13:00-ге дейін білім бөлімінің жауапты әдіскері Г.Ногайбаева жолдауларыңызды тапсырады.

Қосымша: (*іс-шаралар жоспары мен тұжырымдамасы*)

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.Сванов